

Астана қаласы
"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы



город Астана
Научно-методический центр "ZIAT"

010005, город Астана, ул.А.Жубанова 5, ВП-3, тел.:8-7172-904-666, 8-701-578-44-13

шығ.№: 700

«02» қараша 2015ж.

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы (Астана қаласы)

**Сынып/топ жетекшілеріне арналған қашықтықтан өткізілетін III Республикалық
«Үлгілік сынып/топ сағаты» байқауына қатысу үшін өтінімдер қабылдайды**

"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы сынып жетекшілері мен топ жетекшілеріне Республикалық «Үлгілік сынып/топ сағаты» байқауына қашықтықтан қатысуға мүмкіндік береді. Республикалық деңгейде өз тәжірибесімен алмасуға және өзінің ұйымшыл, шығармашыл сынып/топ сағатын көрсету.

Мақсаты:

Мектеп, колледждерде тәрбие жұмысының деңгейін көтеру, топ кураторлары мен сынып жетекшілерінің арасында шығармашыл жетекшіні анықтау. Сынып/топ сағатын өткізу барысында тәжірибемен алмасу.

Міндеті:

Республикалық деңгейде білікті, жетік сынып/топ жетекшісін анықтау, педагогикалық идея, кәсіби шеберлігін көтеру, сынып/топ жетекшілерінің тәжірибесін тарату және жинақтау.

Конкурстың жүргізу нысаны: қашықтықтан өткізілетін Республикалық «Үлгілік сынып/топ сағаты» байқауы сырттай өткізіледі.

Конкурсқа қатысушылар.

1. Сайысқа барлық білім беретін мекемелердің сынып жетекшілері, колледж кураторлары қатыса алады.
2. Қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді, педагогикалық өтілі ескерілмейді.
3. Сайысқа бір адам ғана өз атынан қатысады.
4. Конкурсқа қатысу ерікті.

Сайыстың өткізілу уақыты мен тәртібі:

1. құжаттарды қабылдау уақыты 01.12.2015-28.12.2015ж.
2. жұмыстарды тексеру 30.12.15-17.01.16ж.
3. дипломдарды жіберу 23.01.16ж. кейін

Қатысу тәртібі.

Конкурсқа жіберу үшін хатты құраңыз: хаттың тақырыбы «конкурс», хаттың мәтінінде конкурстың атауын және конкурсқа қатысушының Т.А.Ә. көрсетіңіз.

Хатқа үш файл бекітілуі керек:

- қатысушының өтініші
- сынып сағатын өткізу әдістемесі;
- сканерден өткізілген төлем ақы квитанция.

Сайысқа қатысу үшін жұмыстар **ziat.center@gmail.com** электронды поштасына қабылданады

Ескерту: Құжаттарды қабылдап алғаннан кейін Сіз бізден жауап-хат алуға тиіссіз. Егер жауап-хат келмесе бізбен хабарласуыңызды сұраймыз.

Сынып/топ жетекшілеріне арналған қашықтықтан өткізілетін Республикалық «Үлгілік сынып/топ сағаты» байқауы

Конкурстың мәні мен мазмұны.

Конкурсқа сынып сағатын өткізу әдістемелік әзірлемесі қабылданады. Конкурстық әзірленімдер авторлық, яғни Конкурсқа қатысушының тікелей әзірлеуімен болуы тиіс. Материалдардың тақырыптамасына шектеу қойылмайды, алайда құжаттар білім беру сипатында болуы тиіс және жалпыға танылған ғылыми дәлелдерге, әдептік нормаларға және заңнамаға қайшы келмеуі керек.

Жұмыс қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылуы керек.

Конкурсқа келесі номинация бойынша қатысуға болады:

1. Азаматтық – патриоттық тәрбие
2. Рухани адамгершілік тәрбие
3. Салауатты өмір салты
4. Экологиялық тәрбие
5. Еңбек тәрбиесі

Материалдың мәтінін безендіруге қойылатын талаптар

Материалдар, яғни сабақтың әдістемелік әзірлемелері Microsoft Word документінде орындалуы тиіс, сонымен қатар слайттар қоса болуы керек. Times New Roman қаріпі, 14 кегіл, жоларалық интервал - дара. Бет бағыты – кітаптық. Беттің жолдары сол жақ 3см, оң жақ 1.5см, жоғарғы және төмен жақтар 2см.

Марапаттау.

1. Конкурстың қорытындысы бойынша комиссия жеңімпаздарды және номинациялар бойынша жеңімпаздарды (I, II, III орын) анықтайды. Жүлделі орындардың санына квота белгіленбейді. Жеңімпаздардың және номинациялар бойынша жеңімпаздардың санына кірмеген қатысушылар, қатысушы дипломдарын алады.

2. Дипломдарды жолдау конкурстың қорытындысын шығарғаннан кейін жүзеге асырылады.

3. Сайыстың қорытындысы centeroir.kz сайтында жарияланады

4. Сараптамалық қорытындылар қатысушыларға берілмейді. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

Сайсқа қатысудың қаржылық шарттары

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық «Үлгілік сынып/топ сағаты» байқауына қатысу үшін төлем **3000 теңге**. Төлем банктік реквизитермен өткізіледі

Байланыстар:

Телефон:

+7 701 578 44 13
+7 771 375 60 82
+7 (7172) 904-666

E-mail:

ziat.center@gmail.com
электронды поштасына
жолдау керек

Сайт:

www.centeroir.kz

Банктік реквизиттер:

ТОО «НМЦ «ZIAT»»
АҚ «Қазкоммерцбанк»
Ақмола филиалы АҚ «Қазкоммерцбанк»
БИН /БСН/ВІН 140540011754
Шот нөмері KZ 2192 6150 1173 9730 00
БИК KZKOKZKX
КНП 861 КБЕ 17

**Құрметпен,
«ҒӘО «ZIAT» ЖШС жетекшісі
Б.К.Жуманова**

Сынып/топ жетекшілеріне арналған қашықтықтан өткізілетін Республикалық
«Үлгілік сынып/топ сағаты» байқауы

Өтініштің нысаны және оны рәсімдеуге қойылатын талаптар

**Қашықтықтан өткізілетін III Республикалық «Үлгілік сынып/топ сағаты»
байқауына қатысу үшін ӨТІНІШ**

Қатысушының аты-жөні, толығымен	
Тақырып атауы	
Сабәқ қандай сыныпқа (топқа) арналған	
Номинация тақырыбы	
Ұсынылған материал қандай тілде	
Жұмыс орнының толық атауы (қысқартусыз)// (толық заңды атауы көрсетілуі керек)	
Лауазымы	
Материалдарды жіберу үшін мекен-жайы (индекспен)	
Ұялы телефон (мысалы: 77010000000)	
Үй телефоны	
E-mail	